

Шығыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 5 қарашадағы № 34/367-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қарашада № 6281 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 16/123-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 20.09.2024 № 16/123-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шығыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттары:
 - әлеуметтік көмек ретінде қарыз сомасының 10% мөлшерінде, бірақ 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде;
 - әлеуметтік қолдау ретінде қарыз сомасының 10% мөлшерінде, бірақ 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден аспайтын мөлшерде айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 05.05.2022 № 15/131-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Шығыс Қазақстан облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі айқындалсын:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;

бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;
мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;
жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа
толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
қандастар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше
жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр
ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен
наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде,
ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін
құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған)
адамдардың отбасылары;

толық емес отбасылар;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде
аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының 31.05.2023 № 3/15-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының 31.05.2023 № 3/15-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Сессия төрағасы

Шығыс Қазақстан облыстық

мәслихатының хатшысы

Г. Чемоданов

В. Головатюк